



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Долгачев Д.А.
НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ *358*
город НУР-СҰЛТАН

**Шетелде академиялық
оралымдылық шеңберінде оқу
үшін орын санын бөлу жоспарын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларының 41-тармағына сәйкес және 2021 жылғы 15 шілдедегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқытушылық қызметке тарту үшін шетелдік ғалымдардың санын және шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу үшін студенттер санын бөлу жөніндегі комиссия отырысының № 2 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу үшін орын санын бөлу жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды іске асыруға қатысатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) осы бұйрықтың тиісті орындалуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Болон процесі және академиялық ұтқырлық отралығы» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – Орталық) орындалған жұмыс көлемі мен бөлінген қаражаттың игерілуі туралы ақпаратты 2021 жылғы 1 қазанға, 1 қарашаға және 1 желтоқсанға дейін ұсынсын.

3. Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Орталық бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы мен орындалған жұмыс көлеміне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін, мониторинг нәтижелерін тиісті талдамалық анықтамамен ресімдесін және 2021 жылғы 15 қазанға, 15 қарашаға және 10 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауына ұсынсын.

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті осы бұйрықты ЖЖОКБҰ назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрінің міндетін атқарушы**



Қ. Ерғалиев